

«Сарыжар ЖОББМ» КММ-нің «1001 АҚІҚАТ»
дебат клубының 2024-2025 оқу жылы бойынша
ЕСЕБІ

«1001 АҚІҚАТ» дебат клубы өз жұмысын жоспар бойынша атқарды. Клуб мүшелерінің саны 26 оқушыны құрайды. 6-8 сынып оқушылары қосылып, пікірсайысқа деген өздерінің қызығушылығын танытты. Әр ай сайын клуб мүшелерінің отырысы өтті. Сонымен қатар, клубқа жаңадан қосылғандар үшін дәріс сабағы өтті. Дәріс сабағын жетекші Бисеналина Айгерім жүргізді.




Қыркүйек айында өткен аудандық дебат турнирінде Есенғали Аянат пен Аяпова Аружан 3-орынды иеленді.



Мектепте өткен тәрбие бағыты бойынша облыстық семинарда оқушылар көрсетілім ойын өткізіп, дебат клубының жетекшісі клубтың жетістіктерін таныстырды.



БПФ форматында өткен облыстық дебат турниріне қатысып, Аралбаева Перизат, Жұмашов Нұрсұлтан, Кабулова Арай жүлделі 3-орынды иеленді. Ауыл мектептері арасында өткен республикалық турнирдің облыстық іріктеу кезеңінде Аяпова Аружан мен Қонысбай Ақмарал 3-орынды иеленді.



Мәртөк ауданының 90 жылдығына орай жетекшілер арасында өткен дебат турниріне Бисеналина Айгерім мен Тобыш Назерке қатысып, жүлделі 2-орынды иеленді.



Алға ауданы ұйымдастырған облыстық турнирге Жұмашов Нұрсұлтан мен Аралбаева Перизат қатысып, «Үздік стратег» номинациясын иеленді.



Мамыр айында «Ақиқат КАП» мектепішілік турнирі екінші жыл қатарынан өткізілді. Турнирге Хлебодаровка мектебінің дебат клубының жетекшісі Азамат Көбейгенұлы мен тарих пәні мұғалімі Рахат Орақбайұлы төрешілік етті.

Турнир нәтижесі:

1-орын: “Гриффиндор” фракциясы - Аяпова Аружан, Қонысбай Ақмарал

2-орын: “Идеология” фракциясы - Жұмашев Нұрсұлтан, Аралбаева Перизат

3-орын: “Ақиқат айнасы” фракциясы - Көшен Айдана, Сәрсенбаева Балбөпе

“Үздік стратег” номинациясы (жартылай финалист): “Сана code” фракциясы -
Нажимова Жансұлу, Құлымбет Томирис

“Мақсатшыл фракция” номинациясы: “Сөз найза” Шегемова Набира, Сайдова
Жанерке

“Үздік идея” номинациясы: Хасенқызы Мәдина, Дастанова Меруерт

“Үздік талпыныс” номинациясы: Сағидоллаева Қарақат, Аяпова Жания

“Үздік спикер” номинациясының иегері - Жұмашов Нұрсұлтан.

